

## Агенттердің делдалдық қызметі жағдайында тауарларды сату туралы Жария шарт (оферта)

«Freedom Drive» ЖШС, бұдан әрі “Сатушы” деп аталып, «Freedom Drive» Маркетплейсінің меншік иесі болып табылады ([www.fdrive.kz](http://www.fdrive.kz) домендік мекенжайы бойынша интернет желісінде орналасқан) Агенттің тікелей делдалдық қызметі жағдайында Сатушы мен оның Серіктестерінің тауарлар мен қызметтерін Тұтынушыларға өткізу туралы осы Жария шартты (оферта) жариялайды.

Жария офертаның талаптарын Сатушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес түрде белгілейлі және оларды Агент осы Жария офертаға тұтастай, толық көлемде және осы Жария офертаның талаптарын жоққа шығармастан қосылу арқылы ғана қабылдайды.

### 1. Негізгі түсініктер мен анықтамалар

Осы Жария офертаның мақсаттары үшін Тараптар мынадай түсініктер мен анықтамаларды қолдану туралы келісімге келді:

- 1) **Жария оферта** - жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғаларға арналған, Агенттің тікелей делдалдық қызметі жағдайында Тұтынушыларға Сатушы мен оның Серіктестерінің тауарлары мен қызметтерін өткізу қатысты шарт жасау туралы ұсыныс жасалған шарттың нысаны (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі мәтін бойынша - ҚР АҚ) 387, 389, 395, 446, 447, 449-баптарын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Жария шарт болып табылады);
- 2) **Акцепт** – Агенттің осы Жария офертаға қосылу туралы өтінішті толтыруы мен қол қоюы бойынша іс-әрекеттер жасауы, бұл Агенттің Жария оферта талаптарын толық көлемде және ешбір қарсылықсыз қабылдауын растайды;
- 3) **«Сатушы»** – Агенттің тікелей делдалдық қызметі жағдайында жасалған оферта шартының негізінде Тұтынушыларға қызметтер мен тауарлар ұсынатын **«Freedom Drive»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 4) **«Агент»** - Сатушының авторландырылған агенті, оферта шартының талаптарына сәйкес Сатушының және оның серіктестерінің тауарлары мен қызметтерін тұтынушыларға өткізу тұрғысында Сатушымен осы Шартты жасаға жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер;
- 5) **«Тұтынушы»** – Агенттің тікелей делдалдық қызметі жағдайында Сатушымен шарт жасаған жеке тұлға;
- 6) **«Шарт»** – Агенттің тікелей делдалдық қызметі жағдайында Тұтынушы мен Сатушы арасында жасалатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қашықтықтан және тікелей сату тәсілімен сату туралы жария шарт;
- 7) **«ТЖҚ»** – Тұтынушының сатып алу үшін нені таңдағандығына қарай Маркетплейсте сатуға ұсынылған тауарлар, жұмыстар, қызметтер.
- 8) **«Агенттің жеке кабинеті»** – Сатушы сайтының бөлімі, ол Агентке өзі сатқан нәрселердің жай-күйі туралы деректерге және өзі сатқан нәрселер туралы статистикалық ақпаратқа, тапсырыстың бөлшектеріне, оның ішінде өзінің сатқан нәрселері бойынша есептерді түсіру мүмкіндігімен қол жеткізуге көмектеседі.
- 9) **«Автоматтандырылған есеп айырысу жүйесі»** - өткізілген тауарларға/ көрсетілетін қызметтерге, олардың құнына қатысты ақпарат жинау, қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасы есеп айырысу арқылы, оның ішінде бөліп төлеу/кредит арқылы есеп айырысуларды өңдеу үшін қажетті бағдарламалық шешімдер кешені;

- 10) «Дербес деректер» - Тұтынушыға қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдағышта жазылған мәліметтер;
- 11) «Байланыс орталығы» – әртүрлі байланыс арналары арқылы Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы;
- 12) **Маркетплейс**- Сатушының [www.fdrive.kz](http://www.fdrive.kz) мекенжайы бойынша орналасқан сауда алаңы, ол Интернет желісі арқылы Сатушы ұсынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сипаттамасымен және/немесе фотосуреттерде ұсынылған тауармен Тұтынушының танысуы негізінде сатып алу-сату шарттарын жасасуға арналған.

## **2. Шарттың мәні**

2.1. Осы жария оферта бойынша Агент Сатушының атынан және оның мүдделері үшін сыйақы алу арқылы мынадай қызметті жүзеге асырады: ТЖҚ-ны тұтынушыларға сатады, Тұтынушымен тарифтер бойынша, құжаттардың нысандары бойынша және Сатушы бекіткен талаптар негізінде шарттар жасайды, сондай-ақ осы Жария офертаны орындау шеңберінде барлық өзге де қажетті әрекеттерді жасайды.

Қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында Сатушы сатушының ТЖҚ-ын іске асыру үшін Агентке жеке кабинетке қолжетімділік береді. Агент Сатушының қауіпсіздік қызметінің тексеруінен өтпеген жағдайда, Сатушы Агентке Жеке кабинетке кіруге рұқсат беруден бас тартуға құқылы.

2.2. Осы Офертаны жариялау жария болып табылады. Осы Жария офертаға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабының (Жария шарт) және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының (қосылу шарты) талаптары қолданылады. Осы Жария офертаның талаптары барлық Агенттер үшін бірдей болып табылады.

2.3. Агенттердің делдалдық қызметі жағдайында тауарларды сату туралы Жария офертаға қосылу туралы өтініште көрсетілген күн Офертамен келісу күні және осы Жария офертаға қосылу айғағы болып табылады.

2.4. Тараптар осы Жария офертаны жасаған күннен бастап Агент осы Шарт бойынша қызметтер көрсету кезінде және өзге де заңды/жеке тұлғалармен осыған ұқсас қызметтер көрсету бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырған жағдайда Сатушының қызметтерін сату кезінде басқа тұлғалардың қызметтерімен салыстыруды жүзеге асырмауға, сондай-ақ имиджге және/немесе іскерлік қатынастарға нұқсан келтіретін пікір білдірмеуге міндеттенеді және кепілдік береді.

2.5. Осы Жария оферта шеңберінде Агенттің қызметтер ұсынуы Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады.

## **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **3.1. Агент төмендегілерге міндетті:**

3.1.1. Сатушының тауарлары мен қызметтерін сатуға.

3.1.2. Сатушы бекіткен тәртіп пен мерзімге сәйкес тұтынушыларға жәрдемдесу және консультациялық көмек көрсетуге.

3.1.3. Тұтынушыға тауарларды қайтару бөлігіндегі заңнама нормаларын, Сатушы көрсеткен тәртіпке сәйкес шағымдар мен өтініштерді қабылдау тәртібін түсіндіруді қоса алғанда, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарына байланысты толық ақпарат пен сұрақтарға жауап беруге.

3.1.4. Осы Жария офертаның қолданыс мерзімі ішінде өз құзыреті шегінде толық, Тұтынушыға және/немесе әлеуетті Тұтынушыға қажетті мәліметтерді дұрыс және толық ұсынуға, атап айтқанда:

- қызметтер мен тауарлардың құнына қатысты қолданыстағы және Сатушы бекіткен кредиттеу/бөліп төлеу мерзімдері туралы;
- Қызметтер ұсыну және тауарды беру талаптары туралы;

- 3.1.5. Сатушының Қызметтері мен Тауарлары туралы ақпаратты тарату кезінде қатаң түрде Сатушы бекіткен және ұсынған талаптарға сәйкес әрекет етуге.
- 3.1.6. Осы Жария офертаны орындау жөніндегі өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын, оның ішінде тұтынушылардың алынатын дербес деректеріне рұқсатсыз қол жеткізуін болдырмауды қамтамасыз ету бойынша және көрсетілген міндеттеме бұзылған жағдайда және осы мәселе бойынша тұтынушыларда наразылықтар туындаған жағдайда оларды дербес және өз есебінен шешуді қамтамасыз ету.
- 3.1.7. Осы Жария офертаның нысанасы шеңберінде өз қызметінде Сатушы қызметтерінің сапасы мен сипаты, құны және ақы төлеу тәртібі туралы дәл емес немесе анық емес мәліметтердің ұсынылуына, сондай-ақ Сатушы қызметтерін осындай қызметтерді өзге Сатушылардың осыған ұқсас қызметтерімен салыстыруға жол бермеуге. Осы тармақты орындамау Агентке келтірілген барлық шығыстар мен залалдарды жүктей отырып, Сатушының бастамасы бойынша Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға әкеп соғуы мүмкін.
- 3.1.8. Агенттің осы Жария оферта шеңберінде өз қызметін жүзеге асыру үшін өзіне берілген Сатушының ресми құжаттамасына өз атынан өзгерістер енгізуге құқығы жоқ. Осы шектеуді орындамау Сатушының бастамасы бойынша осы Жария офертаның біржақты бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.
- 3.1.9. Сатушының зияткерлік меншікке қатысты құқықтарын (авторлық құқықтарды, сауда және фирмалық атауға, тауар белгісіне құқықтарды, Өнеркәсіптік меншік құқықтарын және өзге де зияткерлік және сабақтас құқықтарды) бұзбауға (сақтауға) және Агентке белгілі болған осындай құқықтардың бұзылуының барлық жағдайлары туралы Сатушыға дереу хабарлауға.
- 3.1.10. Осы Жария офертаға сәйкес Агенттің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша Сатушы атынан уәде бермеуге.
- 3.1.11. Сатушының атынан өзіне міндеттемелер алмау, осы Жария офертаға сәйкес оның құзыретіне кірмейтін кеңестер бермеу және сұрақтарға жауап бермеуге.
- 3.1.12. Осы Жария офертаның қолданыс мерзімі ішінде, сондай-ақ ол аяқталғаннан немесе бұзылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Сатушының беделіне нұқсан келтіруі мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу. құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерді не Сатушының қызметі туралы Сатушыға зиян немесе нұқсан келтіруі мүмкін басқа да мәліметтерді, мұндай ақпаратты Сатушының өзі жария еткен немесе мұндай ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылатын және бұқаралық ақпарат құралдары берген жағдайларды қоспағанда, жария етпеуге міндетті. Сатушының қызметі туралы құпия ақпаратты не басқа да мәліметтерді жария еткені үшін Агент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 3.1.13. Осы Жария офертаны тоқтатқан немесе бұзған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей, қағаз және/немесе магниттік тасымалдағыштағы және осы Шартқа қатысы бар барлық қолда бар құжаттаманы, орындалған қызметтердің нәтижелерін Сатушыға беру. Оларды беру Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын тиісті қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.
- 3.1.14. Осы Жария офертаның қолданыс мерзімі ішінде Агенттердің жұмысын ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін және осы Жария офертаны орындауға қатысы бар Сатушының өзге де ішкі нормативтік құжаттарын сақтау, сондай-ақ Жария офертада көрсетілген ауызша тәртіппен, сондай-ақ Агенттің электрондық поштасы арқылы берілген Сатушының уәкілетті өкілінің нұсқауларын орындауға.
- 3.1.16. Алкогольден, есірткіден, токмикоманиялық масаң күйде қызмет көрсетуге тыйым салынады.
- 3.1.17. Осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді Сатушының жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға бермеуге.
- 3.1.18. Сатушыға осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау нәтижесінде келтірілген барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

Залалдардың мөлшерін Сатушы өзінде туындаған расталған залалдарға мөлшерлес деңгейде дербес түрде айқындайды.

3.1.19. Сатушымен келісім бойынша, ҚР заңнамасымен және осы Жария офертаның талаптарымен тыйым салынбаған, тұтынушыларды тарту үшін қажетті маркетингтік іс-шаралар жүргізуге.

3.1.20. 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Агенттің уәкілетті өкілінің қолы қойылған хатты жіберу арқылы Сатушының кез келген сұрау салуларына жауаптарды жазбаша ұсынуға.

3.1.21. Осы Жария офертаның талаптарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

3.1.22. Осы Шартта көрсетілген өз құқықтары мен міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Агент Сатушы алдында жауапты болады және осы Жария офертаның талаптарына сәйкес Сатушыға және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген барлық залалды өтеуге, сондай-ақ осы Шартта көзделген айыппұл санкцияларын төлеуге.

3.1.23. Агент Сатушыдан ТЖҚ-ны өткізу шарттарын, маркетингтік жұмыс тәртібін білуі бойынша оқудан өтуге.

3.1.24. Агент өзіне Сатушыдан алынған тауарлар мен шарт бойынша қызметті жүзеге асыру үшін Агентке берілген негізгі құралдар үшін толық материалдық жауапкершілік алады.

3.1.25. Агенттің объектілеріне берілген немесе құрастырылған жарнамалық материалдарға ұқыпты қарау, олардың тазалығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың визуалды түрде дұрыс қабылдауы мақсатында басқа заттармен ішінара да, толық да жауып тастамауға.

### **3.2. Агенттің төмендегілерге құқығы бар:**

3.2.1. Сатушыдан осы Жария оферта бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді уақтылы және толық көлемде орындауды талап етуге.

3.2.2. Осы Жария оферта бойынша қызмет көрсету кезінде стандартты емес жағдайлар туралы осындай жағдайлар туындаған күні Сатушының қызметкерлерін хабардар ету. Егер көрсетілген жағдай жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күні орын алған жағдайда, Агент Сатушыны ол басталғаннан кейінгі бірінші жұмыс күні хабардар етеді.

### **3.3. Сатушы төмендегілерге міндетті:**

3.3.1. Сатушының ресми сайтында ақпаратты орналастыру арқылы Агентті жаңа қызметтер, тауарлар, жеңілдіктер, қызметтерді ұсыну шарттары туралы, сондай-ақ басқа да ақпарат туралы хабардар етуге.

3.3.2. Осы Жария офертаның талаптарымен белгіленген мөлшерде және мерзімде Агенттің қызметтеріне уақтылы төлем жасауға.

3.3.3. Осы Жария офертаның талаптарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

3.3.4. Сатушы Агентті оқытуға және / немесе тауарлар мен қызметтерді сататын Агенттің қызметкерлерін оқытуға міндетті.

3.3.5. Осы Жария оферта бойынша талаптардың өзгергені туралы Агентті хабардар ету. Бұл ретте, Тараптардың тиісті өзгерістерді көздейтін қосымша құжаттарға қол қоюы талап етілмейді. Өзгерістер енгізілген күннен бастап осы Жария офертаны орындау жаңа талаптарда жүргізіледі. Егер Агент жаңа талаптармен келіспесе, ол тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілгеннен кешіктірмей бұл туралы Сатушыны жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Агент Сатушыны жаңа талаптармен келіспейтіні туралы жазбаша хабардар еткен жағдайда, осы Жария оферта жаңа талаптар енгізілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі. Сатушыны бұзу туралы хабардар етпеген немесе уақтылы хабардар етпеген жағдайда, соңғы өзгерістер мен жаңа талаптарды ескере отырып, Агенттің осы Жария офертаның талаптарын орындаумен келісуі болып есептеледі.

3.3.6. Қажет болған жағдайда Агентті және оның Сатушы ТЖҚ-ын өткізу мүмкіндігін белгілеу мақсатында Агенттің объектілерінде маңдайшалармен не жарнамалық материалдармен брендтеуді дербес түрде және өз есебінен қамтамасыз етуге.

#### **3.4. Сатушының төмендегілерге құқығы бар:**

3.4.1. Агенттен сапалы, уақтылы және тиісті қызмет көрсетуді және осы Жария офертаның барлық талаптарын орындауды талап етуге.

3.4.2. Осы Жария офертаның қолданыс мерзімі ішінде кез келген уақытта осы Жария оферта бойынша Агент көрсететін қызметтердің тәртібін, барысын және сапасын тексеруге.

3.4.3. Агенттен осы Жария офертаның талаптарына сәйкес қажетті ақпаратты жазбаша түрде ұсынуды талап етуге.

3.4.4. Агенттен Агенттің және/немесе Агент тартқан үшінші тұлғалардың әрекеті/әрекетсіздігі нәтижесінде Сатушыға келтірілген материалдық залалды толық көлемде және өз есебінен өтеуді талап етуге.

#### **3.5. Осы Жария оферта бойынша Тараптар төмендегілермен келіседі:**

3.5.1. Осы Жария оферта шеңберінде қызметтерді көрсету, тауарларды өткізу талаптарының өзгеруі туралы кез келген хабарлау Сатушының сайтында орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген тәсілмен жасалған хабарламаларды Агент алған болып есептеледі. Бұл ретте, Тараптардың тиісті өзгерістерді көздейтін қосымша құжаттарға және/немесе осы Жария офертаға қосымша келісімге қол қоюы талап етілмейді.

3.5.2. Осы Жария оферта бойынша ақпарат пен құжаттамамен алмасу алмасуы осы Жария офертаға қосылу туралы өтініште көрсетілген координаттар арқылы жүзеге асырылатын болады. Байланыс деректері және/немесе Жария офертада көрсетілген уәкілетті тұлғалар өзгерген жағдайда, Агент осындай өзгерістердің жасалуынан 3 (үш) жұмыс күні бұрын Сатушыны тиісті өзгерістер туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.5.3. Тараптардың әрқайсысы өздерінің заңды, нақты, пошталық, банк деректемелері, телефондары мен факстердің байланыс нөмірлері туралы мәліметтердің өзгергені туралы дәйексіз және уақтылы хабарламағаны үшін, оның ішінде дұрыс емес ақпарат осы жария Офертаның орындалуына әсер еткен жағдайларда да жауапты болады.

3.5.4. Құпиялылық саясаты осы Жария офертаның ажырамас бөлігі болып табылатын “Құпия ақпаратты жарияламау және қорғау туралы осы шартқа келісім” №1 қосымшасында сипатталған.

3.5.5. Сатушының ақпараттық ресурстарына Агенттің қол жеткізуі Агенттің пайдаланушыларын міндетті сәйкестендірумен және авторизациялау арқылы Сатушы әзірлеген қол жеткізу бейіндері бойынша шарттық міндеттемелерді орындау үшін ғана беріледі.

### **4. Құны және есеп айырысу тәртібі**

4.1. Апта сайын, Агент Сатушымен бірлесіп өткізілген тауарлар мен қызметтердің санына белгіленген үлгі бойынша салыстыру ведомостісіне қол қоя отырып, салыстыру жүргізеді. Төлеу сәтіне дейін Тараптар апта сайын жасалған сату тізілімі бойынша төлем сомасын келіседі.

4.2. Дилер мен Сатушы арасында жүргізілген салыстырып тексеру негізінде Тараптар орындалған жұмыстар актісіне, тарапқа тауарларды жіберуге арналған жүкқұжатқа қол қояды, солардың негізінде ақшалай сыйақы төленеді. Орындалған жұмыстар актісіне, тауарларды тарапқа беруге арналған жүкқұжатқа екі тараптан қол қойылған салыстырып тексеру ведомостісі (көрсетілген тауарлар мен қызметтер бойынша таратып жазу) қоса беріледі.

4.3. Сатушы Агентке ақшалай сыйақы төлеуді Сатушының ішкі нормативтік құжаттарымен бекітілген мөлшерде және талаптарда екі тараптан қол қойылған

орындалған жұмыстар актісінің немесе тауарларды тарапқа босатуға арналған жүкқұжаттың негізінде жүргізеді.

4.4. Сыйақы төлеуді Сатушы қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша Агенттің шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

4.5. Шарт бойынша Тараптар арасындағы барлық қаржылық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады.

## **5. Кепілді міндеттемелер**

**5.1.** Тауарды алған уақытта Агент қаптаманың тұтастығына көз жеткізуі керек (тауарлардың осындай санаты үшін өндіруші зауыттан қаптама қарастырылатын болса) және содан кейін тауарды қабылдау керек, қораптың зақымдалғаны анықталатын жағдайда, ақау актісіне қол қойылады.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Тараптар осы Жария оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Агент тұтынушыны тарту кезінде Тұтынушы туралы деректердің Маркетплейске дұрыс ресімделуіне, ақпараттың анықтығы мен Сатушыға тиісінше берілуіне, сондай-ақ осы Жария офертада және Сатушының сайтында орналастырылған Жария сатып алу-сату шартында көзделген өз міндеттемелерінің уақтылы орындалуына жауапты болады.

6.3. Агент уәкілетті органдар және/немесе өзге де үшінші тұлғалар алдында тікелей агент өз атынан көрсететін қызметке және қызметтерге қатысты рұқсат беру құжаттарының болмауы бөлігінде наразылықтар ұсынған кезде дербес жауаптылықта болады және өз күшімен және өз есебінен осындай наразылықтарды реттеуге міндеттенеді.

6.4. Агент осы Жария офертаны орындау үшін Агент тартатын үшінші тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін Сатушының алдында толық жауапты болады және Агент олардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, сол сияқты аталған тұлғалардың осы Жария офертаның талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өзінің офертасы ретінде жауап береді.

6.5. Сатушының мүдделерін қозғайтын және онымен келісілмеген жарнамалық өнімді таратқаны үшін Агент осындай тарату нәтижесінде туындаған барлық нақты шығыстарды төлеуге міндетті.

6.6. Агент қызмет көрсету процесінде өзінің іс-әрекеттерімен және/немесе әрекетсіздігімен үшінші тұлғаларға және олардың мүлкіне келтірілген залал мөлшерінде материалдық залал келтірген жағдайда жауапты болады. Үшінші тұлға Сатушыға осындай талап қойған жағдайда Сатушының талап қоюды кері қайтару тәртібімен Агентке қайта бағыттауға құқығы бар.

6.7. Агент осы Жария офертаның талаптарында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайлар туындаған кезде Сатушы сот органдарына жүгінбестен осы Жария офертаны орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Сатушының хабарламасында (хабарында) көрсетілген Шартты мерзімінен бұрын бұзу күнінен күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Агентке тиісті хабарлама жібере отырып, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы болады. Үшінші тұлғалар және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдар Агенттің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзуы бөлігінде талаптар қойған кезде Сатушы осындай талаптарды кері қайтару тәртібімен Агентке ұсынуға құқылы, Агент бұл талаптарды дербес және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

6.8. Егер Агентке тиесілі логин мен құпиясөз туралы ақпарат үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, сондай-ақ үшінші тұлғалардың көрсетілген ақпаратты алуы және Агенттің жеке кабинетінде қандай да бір іс-әрекеттер жүргізу және/немесе олардың

Агенттің жеке кабинеті арқылы алынған ақпаратты жария етуі нәтижесіндегі салдарлар үшін Агент дербес жауапты болады.

6.9. Осы Жария оферта бойынша айыппұл санкцияларын есептеуді жүзеге асыру кезінде АЕК мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

## **7. Форс-мажор жағдайлары**

7.1. Тараптар осы Жария оферта бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұлай орындамау осы Жария оферта жасалғаннан кейін туындаған тежеусіз күш жағдайларының салдары болып табылса, міндеттемені ішінара немесе толық орындамаған тарап олардың басталуын болжай алмаса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл ретте осы Жария оферта бойынша міндеттемелерді орындау осындай мән-жайлар орын алған уақытқа мөлшерлес уақытқа кейінге шегеріледі.

7.2. Егер бұл мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылатын болса, онда кез келген Тарап осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы болады.

7.3. Жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың орын алғандығының тиісті дәлелі Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті органдары берген хабарламалар болып табылады.

## **8. Шартты мерзімінен бұрын бұзу**

8.1. Сатушының осы Жария офертадан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Агентке жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқығы бар.

8.2. Агенттің болжамды бас тарту күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Сатушыны алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, осы Жария офертаны мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар.

8.3. Сатушы осы Жария офертаның қолданыс мерзімі ішінде кез келген уақытта мынадай жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы:

8.3.1. Сатушының қауіпсіздік қызметі тексеруден өтпеген жағдайда;

8.3.2. Агенттің осы Шартта көзделген талаптарды бір рет бұзуы;

8.3.3. Сатушыға материалдық залал келтірілгенде;

8.3.4. Сатушының имиджіне зиян келтіру;

8.3.5. егер Агенттің тұтынушыға/Сатушыға зиян келтіре отырып әрекет еткені анықталса;

8.3.6. егер тұтынушылардан Агенттің заңсыз әрекеттеріне қатысты 3 (үштен) астам шағым түссе;

8.3.7. басқа негіздер бойынша.

## **9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**

9.1. Құпиялылық саясаты №1 Қосымшада сипатталған және оны Тараптар шарттың қолданыс кезеңінде орындауға міндетті.

## **10. Өзге де жағдайлар**

10.1. Осы Жария оферта мерзімсіз болып табылады. Осы Жария офертаға қол қою арқылы Агент Сатушының оның талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуіне және/немесе толықтыруына өзінің келісімін береді.

10.2. Агенттің осы Жария оферта бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

10.3. Тараптар даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жүргізу арқылы шешу үшін бар күштерін салады. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

10.4. Тараптардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін, осы Жария шартта көрсетілмеген талаптары ҚР қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

**10.5.** Осы Жария оферта мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Сәйкессіздіктер болатын жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі редакциясын басшылыққа алады.

**Сатушы:**

**«Freedom Drive» ЖШС**

БСН 210940023936

Занды мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Луганский к-сі, 96

е/ш: KZ40551A127100031KZT

"Банк Фридом Финанс Қазақстан" АҚ-та

БСК KSNVKZKA

87055203620 – Аумақтық директоры Я.Т. Закиров



**Агенттердің делдалдық қызметі жағдайында  
тауарларды сату туралы  
Жария шартқа(оферта)  
№1 қосымша**

**Құпия ақпаратты жария етпеу және қорғау туралы  
КЕЛІСІМ**

**1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

**1.1. Құпия ақпарат** – Дербес деректерді, абоненттер туралы қызметтік ақпаратты, коммерциялық және қызметтік құпияны, Сатушының инсайдерлік ақпаратын қамтитын (бірақ онымен шектелмей) Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын қолжетімділігі шектеулі мәліметтер.

**1.2. Коммерциялық және Қызметтік құпия** - жария етілуі, алынуы, пайдаланылуы Сатушының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, тұлғалардың шектеулі тобы заңды негізде еркін қол жеткізе алатын жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындайтын және күзететін ақпарат.

**1.3. Дербес деректер** - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректер санатына жатқызылған, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген әлеуетті/жұмыс істеп жүрген тұтынушылар, Сатушының қызметкерлері туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты; телефон нөмірлері; сәйкестендіру кодтары; үй мекенжайлары, электрондық пошта мекенжайлары және т.б.).

**1.4. Абоненттер туралы қызметтік ақпарат** - Сатушының абоненттері туралы мәліметтер (телефон нөмірлері, сәйкестендіру кодтары, электрондық поштаның мекенжайлары, пошталық мекенжайы, жеке тұлғалар үшін жеке сәйкестендіру нөмірі және деректемелері (бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің деректері), биллингтік мәліметтер және абоненттерге көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтер, абоненттердің деректерді беру желілері және деректерді беру желісіндегі интернет-ресурстарға жүгіну мекенжайлары, интернет-ресурстың сәйкестендіргіштері, деректерді беру желісінің хаттамалары.

**1.5. Құпия ақпаратқа қолжетімділік** - белгілі бір тұлғаларды ақпараттың иесінің келісімімен немесе осы ақпараттың құпияғы сақталатын жағдайда, басқа да заңды негізде оған Сатушы қолжетімділікті шектеген ақпаратпен таныстыру.

**1.6. Құпия ақпаратты беру** – құпия болып табылатын және материалдық/электрондық жеткізгіште тіркелген ақпаратты оның иесі контрагентке осы Келісімнің негізінде, контрагенттің Келісімде белгіленген оның құпиялылығын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауы туралы шартты қоса алғанда, осы Келісімде көзделген көлемде және жағдайларда беруі.

**1.7. Құпия ақпаратты жария ету** - соның нәтижесінде Сатушының кез келген ықтимал нысандағы (ауызша, жазбаша, өзге нысандағы, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып) қолжетімділігі шектеулі мәліметтер осындай ақпараттың құқық иесінің келісімінсіз не осы Келісім мен шартқа қайшы келетін үшінші тұлғаларға белгілі болатындай Агенттің әрекеті немесе әрекетсіздігі.

**1.8. Құпия ақпараттан айрылу** – Агенттің күзетілетін ақпарат қауіпсіздік аясынан шығып кеткен, бірақ онымен үшінші тұлғалар іс жүзінде таныспаған не үшінші тұлғалардың осы ақпаратты құқық иеленушіге зиян келтіре отырып пайдалану айғақтары анықталмаған кезде Сатушыға тиесілі қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді жария етудің әлеуетті ықтималдығын туындататын әрекеті немесе әрекетсіздігі.

**1.9. Құпия ақпаратты қорғау** - құпия ақпаратты рұқсатсыз қолжетімділік алудан қорғауды қамтамасыз етуге, рұқсатсыз қол жеткізу айғақтары уақтылы анықтауға, кейінгі қолайсыз салдарларды барынша азайтуға және оларды азайту бөлігінде тәуекелдерді

басқаруға бағытталған шаралар кешені (құқықтық, ұйымдастырушылық, бағдарламалық-аппараттық, техникалық, мониторингтік, іздестіру және бақылау).

## **2. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ**

**2.1.** Агент Жария офертаның (бұдан әрі-Шарт) шеңберінде Тараптардың ынтымақтастығы мақсатында ғана Сатушының құпия ақпаратының бір бөлігіне, атап айтқанда тұтынушылардың қолжетімділігі шектеулі дербес деректеріне қол жеткізе алады. Агентке жоғарыда көрсетілген мәліметтерге тек тұтынушыларға қызмет көрсету шеңберінде және Агент қызмет көрсететін база сегментіне ғана рұқсат беріледі, сондай-ақ Агентке жеке кабинетке (Сатушының ақпараттық ресурсы) рұқсат беріледі, бұл ретте Агенттің есепке алу деректері (логин/құпиясөз) құпия ақпарат болып табылады.

**Агентке оператордың жеке кабинетінен тыс Сатушының ТЖҚ-ын сатып алатын тұтынушылардың қолжетімділігі шектеулі дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге тыйым салынады.**

**2.2.** Құпия ақпаратқа қолжетімділік Агентке Агенттік жария офертаның 2-тармағында көрсетілген мақсаттарда беріледі және Агент көрсетілгендерден басқа өзге мақсаттарда пайдалана алмайды.

**2.3.** Сатушы Агентке төмендегілерді растайды және кепілдік береді:

- ол осы Келісімге сәйкес оған Агент беретін барлық құпия ақпараттың заңды иесі болып табылады;
- барлық құпия ақпаратты Сатушы заңды түрде алған және Сатушы мұндай ақпаратты Агентке беруге барлық құқықтарға ие болады;
- берілетін құпия ақпарат Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып саналмайды және оны Агентке беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзу болып табылмайды.

**2.4.** Агент құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге және Сатушыдан алынған осындай ақпараттың осы Келісімде көзделген тәртіппен жария етілуіне/ұрлануына жол бермеуге міндеттенеді.

**2.5.** Ақпараттың құпиялылығын қорғау жөніндегі Тараптар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Келісіммен реттеледі.

## **3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

### **3.1. Агент төмендегілерге міндетті:**

**3.1.1.** Сатушының құпия ақпаратына қатысты өз міндеттемелерін орындау барысында құпиялылық режимін сақтау (күзету/қорғау; қол жеткізудің аражігін ажыратуды қамтамасыз ету; автоматтандырылған жүйеде орналастырылған мәліметтерге, сондай-ақ ағымдағы мұрағаттарда орналастырылған ұқсас мәліметтерге және т. б. сияқты қорғау шараларын тең мәнді қабылдау) және Агент өзінің құпия ақпаратына қатысты қабылдайтын сияқты қорғау шараларын қабылдау және кез-келген жағдайда мұндай шаралар жеткілікті болуы керек. Бұл ретте осы Келісім бойынша құпиялылық талаптары мен басқа да міндеттемелер Агенттің қызметкерлеріне, агенттеріне, заңды өкілдеріне, құқықтық мирасқорларына, оның ішінде агенттердің қызметкерлеріне, агенттеріне және филиалдар мен өкілдіктердің өкілдеріне (олар болған кезде) және Агенттің өзге де үлестес жеке және заңды тұлғаларына қатысты қолданылады;

**3.1.2.** Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, ақпаратты фотокошіру, электрондық көшіру сияқты тәсілдермен қоса, бірақ онымен шектелмей, құпия ақпаратты құпия сақтауға және оны сатпауға, айырбастамауға, бермеуге, жарияламауға немесе кез келген өзге тәсілдермен ашпауға келіседі және міндеттенеді.

**3.1.3.** Сатушының жазбаша сұрауы бойынша құпия ақпаратты қорғау режимін сақтау үшін қолданылатын шаралар туралы хабарлауға;

**3.1.4.** Құпия ақпаратты жарияламау, сондай-ақ біржақты тәртіпте құпиялылық режимінің қорғалуын тоқтатпау/өзгертпеуге;

3.1.5. Кез келген тасымалдағыштардағы құпия ақпараттың кепілді жойылуын қамтамасыз етуге.

3.1.6. Агент жіберген не оған белгілі болған сақталатын құпия ақпараттың жария етілу/жария етілу айғағы туралы Сатушыға дереу хабарлауға;

3.1.7. Берілетін ақпараттың көлемі мен сипатын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіпте жіберілген уәкілетті мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды адамдарынан Сатушының құпия ақпаратын беру немесе беру туралы сұрау салудың немесе талаптың келіп түскені туралы Сатушыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндетті;

3.1.8. Құпия ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудан, жоғалтудан, ұрлаудан, жариялаудан немесе құпия ақпаратты жария етуге/жария етуге және/немесе жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін кез келген басқа іс-әрекеттерден құпия ақпаратты қорғау және қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға.

3.1.9. Шарт бұзылған жағдайда Сатушыға барынша қысқа мерзімде, бірақ Шарт бұзылғаннан кейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей Сатушыға тиесілі сақталатын (алынған және/немесе белгілі болған) құпия ақпаратты кейіннен толық көлемде жою арқылы қайтаруға кепілдік беруге.

3.1.10. Коммерциялық қызметпен салыстыруға болатын кез келген коммерциялық қызметті жүзеге асыру кезінде құпия ақпараттың ешбір бөлігін жеке пайдалануға да, оны Сатушымен бәсекелес үшінші тұлғаларға беруге де болмайды;

## **3.2. Агент төмендегілерге құқылы:**

**3.2.1.** Сатушының құпия ақпаратын уәкілетті мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды тұлғаларының, ұйымдарының талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіп пен жағдайларда ғана ұсынуға.

## **3.3. Сатушы төмендегілерге міндетті:**

**3.3.1.** Агентке құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін өзгерту және/немесе күшін жою туралы жазбаша нысанда хабарлауға.

## **3.4. Сатушы төмендегілерге құқылы:**

3.4.1. Құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін жазбаша түрде белгілеу, өзгерту және/немесе жоюға;

3.4.2. Агенттен құпия ақпараттың барлық түпнұсқалары мен көшірмелерін немесе оның кез келген бөлігін Агентке жазбаша нысанда талап жібере отырып, кез келген уақытта дереу қайтаруды немесе жоюды (осындай жоюды тиісті түрде растай отырып – кепілдік хатпен) талап етуге;

3.4.3. Құпия ақпаратқа қол жеткізген заңды және жеке тұлғалардан құпиялылық режимінің сақталуын талап етуге;

3.4.4. Құпия ақпарат жария етілген/ұрланған, үшінші тұлғалар заңсыз алған немесе заңсыз пайдаланған жағдайда өз құқықтарын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қорғау, оның ішінде құпиялылық режимінің бұзылуына байланысты келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

## **4. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ**

4.1. Осы арқылы Тараптар мына жағдайларда Құпия ақпараттың осы Келісімге сәйкес қорғалмайтынын және Агентке оны пайдалану, жариялау және таратуда шектеу қойылмайтынын растайды:

4.1.1. Егер Құпия ақпарат осы Келісімнің мерзімі өткенге дейін осы Келісімді бұзудан басқа себеппен жалпыға белгілі, жария болып қалатын болса;

4.1.2. Егер сатушы құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға оны пайдалануда шектеу қоймай жария ететін болса;

4.1.3. Құпия ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда.

## **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

5.1. Агент алынған Құпия ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Келісімге сәйкес, оның ішінде өз қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттері не әрекетсіздігі үшін жауапты болады.

5.2. Агент Агенттің осы Келісімнің ережелерін бұзуына байланысты Сатушыға келтірілген құжатпен расталған залалды оған толық өтеуге келіседі.

5.3. Агент Келісімге сәйкес оған Құпия ақпарат ашылатын әрбір тұлғаның аталған ақпаратты құпия сақтауы және оны үшінші тұлғаларға ашпауы және/немесе бермеуі үшін жауапты болады.

5.4. Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, Агент кез келген:

5.4.1. Құпия ақпаратты қасақана, байқаусызда, абайсызда жария ету, ұрлату, жоғалту, жария ету және/немесе пайдалану;

5.4.2. Құпия ақпаратқа рұқсаты болған және/немесе рұқсаты бар тұлғалардың Құпия ақпаратты рұқсатсыз жария етуі, ұрлатуы, жоғалтуы, ашуы және/немесе пайдалануы үшін жауапты болады.

5.5. Агенттің осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Агент Сатушыға барлық келтірілген залалдарды және осы Келісім бойынша міндеттемелерді бұзудың әрбір құжатпен расталған жағдайы үшін 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

## **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

6.1. Тараптар арасындағы Келісіммен байланысты немесе одан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Тараптар келіссөз арқылы келісімге келмеген жағдайда, даулы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралуы тиіс.

## **7. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ**

7.1. Осы Келісім оған екі Тарап та қол қойған күннен бастап күшіне енеді және осы Келісім бойынша міндеттемелер толығымен орындалғанға дейін қолданылады;

7.2. Осы Келісімнің Келісімге сәйкес алынған Құпия ақпаратпен таратуды, беруді, пайдалануды және іс-қимылдың өзге де түрлерін шектейтін талаптары Алушы тарап құпия ақпарат тасымалдағыштарды қабылдау-тапсыру актісінде тіркелген Құпия ақпаратты соңғы алған күнінен бастап 5 (бес) жыл бойы қолданылады.

7.3. Жария оферта бұзылған немесе көрсетілген Жария офертаның қолданыс мерзімі өткен жағдайда Агент Сатушыға Сатушыдан алынған барлық ақпаратты қайтару рәсіміне және Сатушының ақпаратын бұлттық қоймадан және Агенттің ақпараттық ресурстарынан жою рәсімін жүргізуге кепілдік береді.

## **8. ӨЗГЕ ДЕ ЖАҒДАЙЛАР**

8.1. Келісімге сәйкес немесе оған байланысты Тараптар бір-біріне жіберетін барлық хабарламалар мен хабарлар жазбаша түрде жасалуы, тапсырыс хатпен берілуі, курьермен жеткізілуі немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс.

**Тараптар арасындағы Құпия ақпаратты алмасу процестерінде осы Келісімде көрсетілмеген электрондық пошта мекенжайларын пайдалануға жол берілмейді. Тараптар арасында Құпия ақпаратты (қолжетімділігі шектеулі дербес деректер) беру кезінде іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналастырылған файл алмастырғыштар, мессенджерлер, вэб-сервистер және т.б.**

**пайдалануға жол берілмейді. Дербес деректерді трансшекаралық беруге жол берілмейді.**

8.2. Осы Келісімге сәйкес Агентке берілетін тұтастай ақпарат Сатушының меншігі болып қалады.

8.3. Осы Келісім Келісімнің мәні бойынша Тараптардың толық уағдаластығын білдіреді. Келісімге қол қойылған сәттен бастап барлық алдыңғы келіссөздер мен ол бойынша хат-хабар алмасу өзінің күшін жояды.

8.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерген жағдайда, Келісімнің қандай да бір бөлігін қолданудың жарамсыздығы немесе мүмкін еместігі Келісімнің күшінде қалатын және орындалатын басқа бөлігінің жарамдылығына немесе орындалу мүмкіндігіне әсер етпейді.

"Freedom Drive"  
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Қазақстан Республикасы  
Алматы қаласы  
Медеу ауданы, Луганский көш., 96  
www.fdrive.kz



Товарищество с ограниченной  
ответственностью "Freedom Drive"  
Республика Казахстан  
Город Алматы  
Медеуский район, ул. Луганского, 96  
www.fdrive.kz

## Приложение №1

к Приказу №\_\_ от « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022  
года

### П у б л и ч н ы й д о г о в о р ( о ф е р т а )

#### о п р о д а ж е т о в а р о в п р и п о с р е д н и ч е с к о й д е я т е л ь н о с т и а г е н т о в

ТОО «Freedom Drive», именуемое в дальнейшем «Продавец», являющееся собственником Маркетплейса «Freedom Drive» (расположенного в сети интернет по доменному адресу: [www.fdrive.kz](http://www.fdrive.kz) публикует настоящий Публичный договор (оферту) о реализации Потребителям товаров и услуг Продавца и его Партнеров при непосредственной посреднической деятельности Агента.

Условия настоящей Публичной оферты устанавливаются Продавцом самостоятельно в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и могут быть приняты Агентом не иначе, как путем присоединения к настоящей Публичной оферте в целом, в полном объеме и без исключения условий настоящей Публичной оферты.

### 3. Основные понятия и определения

Для целей настоящей Публичной оферты Стороны договорились применять следующие понятия и определения:

13) **П у б л и ч н а я о ф е р т а** - форма договора (является публичным Договором в соответствии со статьями внося, но не ограничиваясь, ст.ст. 387, 389, 395, 446, 447, 449 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее по тексту – Г К Р К) адресованная индивидуальным предпринимателям и физическим лицам с предложением о заключении договора на предмет реализации Потребителям

товаров и услуг Продавца и его Партнеров при непосредственной посреднической деятельности Агента.

14) **А к ц е п т** – совершение Агентом действий по заполнению и подписанию Заявления о присоединении к настоящей Публичной оферте, что подтверждает принятие Агентом в полном объеме и без исключений всех условий Публичной оферты.

15) **«Продавец»** – Товарищество с ограниченной ответственностью **«Freedom Drive»**, предоставляющее услуги и товары Потребителям на основании договора оферты, заключенного при непосредственной посреднической деятельности Агента;

16) **«Агент»** - авторизованный агент Продавца, физическое лицо или индивидуальный предприниматель, заключивший с Продавцом настоящий Договор на предмет реализации Потребителям товаров и услуг Продавца и его Партнеров в соответствии с условиями договора оферты;

17) **«Потребитель»** – физическое лицо, заключившее с Продавцом договор при непосредственной посреднической деятельности Агента;

18) **«Договор»** – публичный договор о продаже товаров, работ и услуг дистанционным способом и способом прямых продаж, заключаемый между Потребителем и Продавцом при непосредственной посреднической деятельности Агента;

19) **«ТРУ»** – товары, работы, услуги, представленные к продаже в Маркетплейсе, в зависимости от того, что выбрано Потребителем для приобретения. й Публичной оферты

